


## БЕКІТЕМІН



### Е.А. Бекетов атындағы ҚарУ-да бақылау іс-шараларын өткізуге арналған тест тапсырмаларын әзірлеу регламенті

1. Осы регламент компьютерлік тестілеу, сондай-ақ кейіннен сканерлік өндей отырып қағаз тасығыштарда тестілеу процесінде пайдаланылатын тест тапсырмаларын техникалық ресімдеуге қойылатын талаптарды қамтиды. Бұл талаптар КР БФМ Ұлттық тестілеу орталығының тест тапсырмаларын әзірлеу тәжірибесін ескере отырып жасалған.

2. Бір пән бойынша тест тапсырмаларының саны оны оқытуға бөлінген кредиттердің көлеміне байланысты айқындалады:

- көлемі 5 және одан да көп кредит болатын пәндер үшін кемінде 200 сұрак;

- 4 кредит көлеміндегі пәндер үшін кемінде 150 сұрак;
- 3 кредит көлеміндегі пәндер үшін кемінде 100 сұрак.

3. Тест тапсырмаларында жауаптың 5-8 нұсқасы болуы тиіс, олардың 1-ден 3-ке дейінгі жауап нұсқалары дұрыс болуы мүмкін. Бір пән шегіндегі сұрақтардың бір бөлігінде бір дұрыс жауап, екінші бөлігінде екі дұрыс жауап, үшінші бөлігінде үш дұрыс жауап болуы тиіс.

4. Тапсырма бұрық райлы сұрақ немесе сөйлем түрінде емес, қысқаша пайым түрінде ұсынылуы керек.

5. Тест тапсырмалары грамматика ережелерін сақтай отырып, академиялық тілде жазылуы тиіс.

6. Тест тапсырмасының көлемі оны шешу үшін бөлінген 1,5 минутқа пропорционалды болуы тиіс.

7. Жауап нұсқаларында келесі түрдегі тұжырымдар болмауы керек: <Иә>, <Жоқ>, <Дұрыс>, <Дұрыс емес>, <Барлық жауаптар дұрыс>, <Барлық жауаптар дұрыс емес>, <Ұсынылғандардың арасында дұрыс жауап жоқ>, <Дұрыс жауап жоқ>, <Жоғарыда аталғандардың барлығы>, <Төменде аталғандардың барлығы>.

8. Жауаптардың нұсқалары орынды болуы керек, яғни олар жалған, белгі беретін, сондай-ақ аса айқын, оқшауланған жауаптар болмауы керек. Қарама-қайшылықтар, даулы сәттер мен теріске шығарулар болмауы тиіс.

Тест тапсырмасының мазмұны анық және айқын дәлме-дәл болуы керек, тапсырмалар пәннің тақырыптық жоспарына сәйкес болуы қажет.

9. Тест тапсырмалары қайталаңбауы тиіс.

10. Тест тапсырмалары 10-15 сөзден аспауы қажет.

11. Қыындық дәрежесі бойынша тест тапсырмалары 3 деңгейге бөлінеді:

1) женіл деңгей – негізгі анықтамаларды, формулаларды, заңдарды, қағидаттарды, деректер мен оқиғалардың реттілігін, схемаларды, гистограммаларды және т.б. менгеруін тексеру;

2) орташа деңгей – қарапайым есте сактаудан басым нәтижелерді анықтау; деректерді, қағидаттарды, қағидаттарды түсіну және түсіндіру; бүкіл пән мен оның бөлімдерін шығармашылық тұрғыдан ұғынуды талап ететін міндеттерді шешу; формулаларды қолдана отырып міндеттерді шешу, зерделенетін құбылыштарда, процестерде, оқиғаларда дәйекті өзара байланыстар мен ұқсастықтарды таба білу);

3) күрделі деңгей – тестілеуден өтушінің ғылыми-зерттеу қабілетін анықтауға мүмкіндік беретін түсініктен гөрі материалды неғұрлым жоғары деңгейде менгеруді талап ететін нәтижелерді анықтау, яғни қолда бар деректерден туындастырын болашақ салдарларды болжаммен сипаттай білу; нақты практикалық жағдайларда заңдарды қолдану; зерделенетін материалды сыни бағалай білу, оны графикалар, схемалар, эскиздер арқылы ұсыну.

12. Тест тапсырмаларының күрделілік дәрежесі бойынша келесі арасалмақ қамтамасыз етілуі тиіс:

- женіл дәреже – тапсырмалардың жалпы санының 29-35%-ы ;
- орташа дәреже – тапсырмалардың жалпы санының 29-35%-ы ;
- күрделі дәреже – тапсырмалардың жалпы санының 29-35%-ы.

Жауаптар паспортында женіл деңгейдегі тапсырмалар - 1 санымен, орташа деңгейдегілер - 2 санымен, күрделі деңгейдегілер- 3 санымен белгіленеді.

13. Тест тапсырмаларын териу келесі талаптарға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс:

- қаріп – Times New Roman;
- кегль – 14;
- аралық – бір жолдық.

14. Пән бойынша тест тапсырмалары автоматтандырылған тестілеу жүйесіне оқытушының жеке кабинеті арқылы жүктеледі.

15. Осы регламент «Тестілеу» автоматтандырылған модулінің жаңғыртылуына, тестілеу рәсіміне қойылатын сыртқы немесе ішкі талаптардың өзгеруіне байланысты өзгерілуі және толықтырылуы мүмкін.